

» Жыл айшықтары

2025 – Қазақстан үшін әлеуметтік қолдау һәм медицина саласында жетістіктерге толы жыл болды. Әлеуметтік саясат пен денсаулық сақтау бағытында оң серпін байқалған осы жыл еліміз үшін маңызды бетбұрыс кезеңіне айналды. Әлеуметтің әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар жүйелі өзгерістер жүзеге асты.



Саладағы серпіліс сенім ұялатады

Қ Ерлан ҚУАНДЫҚ,
«Оңтүстік Қазақстан».

Биыл пилоттық режимде жүзеге асырылған өңірлердің тәжірибесі «Бір күндік клиника» жобасы аясында ел аумағына таратыла бастады. Бұл бастама әсіресе жүкті әйелдер үшін пайдалы. Ол пренатальды диагностикалаудың инновациялық әдістерін қолжетімді етпек. Сондай-ақ, денсаулығында туа бітті кінәраты, хромосомалық патологиясы бар бала туу қаупін дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. «Бір терезе» қағидаты бойынша пренатальды диагностика жүзеге асырыла бастады. Бүгінге дейін бұл мүмкіндікті 35 мыңнан астам әйел пайдаланған. Сонымен қатар Қазақстанда алғаш рет «Ұрық медицинасы» жобасы іске асырылды. Бұл – отандық денсаулық сақтау жүйесіндегі жаңа бағыт. Бүгінгі таңда елімізде 20 жатыршылық ота жасалды. Жоба қаңтар айында бастау алған болатын.

2025 жылы әлеуметтік қызмет көрсететін орталықтар лицензиялау жүйесіне көшірілді. Бұл олардың қызмет сапасын, мөлшерін бақылауға мүмкіндік береді. Арнайы әлеуметтік қызметтер жүйесінің цифрлануы халыққа қызмет көрсету тиімділігін арттырады.

Үкімет пен министрліктер 2025 жылы жұмыспен қамту, оның ішінде жастарды жұмысқа тарту, кәсіпкерлікті дамыту бағытында бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды іске асырды. Атап айтқанда, жастар практикасы, алғашқы жұмыс орны, бизнесті қолдау гранттары көпшілік көңілінен шығып келеді. Бұл – жас азаматтар мен әлеуметтік осал топтарға тұрақты табыс көзін ашуға мүмкіндік береді. Оларды жұмыспен қамтуды жеңілдетеді. Атаулы әлеуметтік көмек, зейнетақы, әлеуметтік төлемдер – аз қамтылған, мұқтаж топтарды қолдаудың негізі. Елімізде медицина нысандары

біртіндеп жаңартылып, жаңғыртылып келеді. Ауылдағы фельдшерлік-акушерлік пункттерден бастап мамандандырылған ауруханаларға дейін жаңартылып жатыр. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 540 нысан салынды, жыл соңына дейін тағы 115 нысан пайдалануға берілмек. Ал, қалалық жерлерде денсаулық сақтау саласына қатысты бірқатар ірі нысан іске қосылды. Мысалы, Астанада онкология орталығы, Алматыда жұқпалы аурулардың ғылыми орталығы ашылды.

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің түрлі шаралары 25,5 мың мүгедектігі бар адамды қамтыды. Ерекше қажеттіліктері бар 111 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адамдардың жалпы санының 30%-ын құрайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда мүгедектігі бар 743,9 мың адам есепте тұрады. Ол халықтың жалпы санының 3,7%-ын құрайды. Олардың 375,2 мыңы еңбекке қабілетті жаста.

ҚР Әлеуметтік кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдар үшін ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, жұмысшылардың жалпы санының 2-ден 4%-на дейін жұмыс орындарына квота белгілейді. 2025 жылдың 3 тоқсанында квота бойынша мүгедектігі бар 7,1 мың адам жұмысқа орналасты.

Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар адамдар жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылуда. Мәселен, 10 айда 4,8 мың адам тұрақты жұмысқа, жастар практикасына – 538 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына – 538 адам, қоғамдық жұмыстарға – 5,7 мың адам, «Күміс жас» жобасы бойынша – 758 адам, «Алғашқы

жұмыс орны» жобасы бойынша – 120 адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша 9 адам жұмысқа тұрған.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен – 277 адам, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен 4,5 мың адам қамтылды. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарға өз бизнесін ашу үшін 400 АЕК-ке дейінгі (1,6 млн. теңге) мөлшерде мемлекеттік грант беріледі. Биыл 1,4 мың мүгедектігі бар адам осындай қолдауға ие болды.

Өтіп бара жатқан жылы зейнетақы, әртүрлі мемлекеттік әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар мөлшері өсті. Бұл – зейнеткерлерге, аз қамтылғандарға әлеуметтік кепілдік деңгейін сақтаудың амалы.

Осы жылы Орталық Азиядағы ірі денсаулық сақтау және фармацевтика көрмесінің 30 жылдығы аталып өтті. Бұл іс-шара медицина мен фармация саласындағы инновациялар, жаңа технологиялар мен халықаралық тәжірибе алмасудағы алаң болды. 2025 жылы елімізде жүрек-кеуде хирургиясы, ағзаларды трансплантациялау және заманауи реабилитация салалары айтарлықтай дамыды. Елге 80-нен астам жоғары технологиялы өм түрі қолжетімді бола бастады. Бұл медициналық қызмет сапасының жақсарғанын білдіреді.

2025 жылы медициналық жоғары оқу орындары 11 626 маман даярлады. Бұл – мейіркелер мен дәрігерлердің тапшылығын азайтуға бағытталған маңызды қадам. Жүрек-қан тамырлары аурулары мен қатерлі ісікті ерте анықтау (скрининг) бағдарламалары кеңейтілді. Елдегі кардиохирургия мен онкологиялық көрсеткіштер жақсарғаны туралы халықаралық деңгейде де ақпарат таратылды.

Әлеуметтің әлеуетін көтеруге бағытталған жұмыстар алдағы жылы да жалғасатын болады.

Көш-керуен

Өмір өткенмен, өнеге қалады

Өмір-өзен өз арнасымен ағып жатыр. Бір қарағанда ағысы баяу секілді әсер қалдырады, алайда, сол баяу ағыстың өзі қаншама ұлтқа ұстын болған тұлғаларды ағызып әкетті десеңізші... 2025 жылда ұлт руханияты үшін мұңлы естеліктер жылы болып өтіп бара жатыр.

Қ

Акмәрей ШЫРЫНБЕКОВА,
«Оңтүстік Қазақстан».

Жылдың алғашқы аптасының өзі руханият әлеміне жайсыз хабармен келді. 9 қаңтар күні 84 жасында көрнекті жазушы, руханият жоқшысы Мұхтар Мағауин өмірден өтті. Қазақ тарихи прозасының бағытын түбегейлі өзгерткен қаламгер өмірінің соңғы жылдарын шетелде өткізгенімен, бар ғұмырын қазақтың тарихи жадын тірілтуге арнады. «Аласапыран» сынды эпикалық туындылар арқылы ол хандық дәуірдің рухын бүгінгі санада қайта тірілті. Мағауиннің өмірден көшуі – бір жазушының отбасының ғана қайғысы емес, тұтас ұлттың да қайғысы еді.

Араға ұзақ уақыт салмай ғылым әлемі де ауыр қазаға ұшырады. Абайтану ғылымының сардары, бұл саланы дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптастырған академик Мекемтас Мырзахметұлы 94 жасқа қараған шағында дүниесіз қайтыс болды. Ол Абай мұрасын ұлттық дүниетаным мен рухани-философиялық жүйе ретінде терең зерделеп, қазақ ойының тарихи сабақтастығын ашып берген ірі ғалым еді. Оның еңбектері бірнеше буын зерттеуші үшін темірқазық болып қала бермек.

Ақпан айында жазушы-драматург Дулат Исабеков 82 жасында өмірден өтті. Ол қазақ прозасы мен драматургиясын жаңа деңгейге көтерген ірі суреткер болатын. Д.Исабеков адам жанының ішкі қақтығыстарын қарапайым өмір көріністері арқылы шебер бейнеледі. «Ғауһартас», «Өпке», «Қарғын» секілді шығармалары әдебиетіміздің алтын қорына енді.

Ғылым мен руханияттағы тағы бір орны толмас қаза – фольклортанушы, академик Сейіт Қасқабасовтың дүниеден өтуі болды. Ол қазақ ауыз әдебиетін жүйелі ғылыми айналымға түсіріп, фольклорды ұлттық сананың ажырамас бөлігі ретінде танытты. Сонымен қатар, Алаш арыстарын ақтау ісіне белсене қатысып, тарихи әділеттің салтанат құруына үлес қосты.

Прозаның көркем философиялық бағытын қалыптастырған жазушы, драматург Әкім Тарази де осы жылы ормандай оқырмандарымен, тұтас Алашыммен қоштасып жүре берді. Оның шығармаларында адам болмысының ішкі қайшылығы, ар мен жауапкершілік, рухани күйзеліс мәселелері алдыңғы қатарға шықты. Әкім Тарази қазақ әдебиетіне интеллектуалдық салмақ пен ой ұстамдылығын ежелген қаламгер ретінде есте қалады.

Қазақ поэзиясына кешегі көк түркілердің күмбір үнін қайта ежелген арынды ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбек 79 жасында дүниеден өтті. Оның жырлары тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының жүрек лүпіліндей әсер қалдыратын.

Хабарландыру

«Shymkent Dehul Gelatin Co., Ltd» ЖШС Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, «Жұлдыз» тұрғын алабы, 336/13 учаске мекенжайы бойынша дайын өнім қоймасы бар өндірістік цехы мен кеңселерінің құрылысы» жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау **2026 жылғы 6 ақпан күні сағат 15:00-де** Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, «Жұлдыз» тұрғын алабы, 336/13 учаске мекенжайы бойынша өтеді.сылқа Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XlJfS9Sgc0kmSFTiZpYrhPN2J4qNS.1&omn=87923148790

Конференция идентификаторы: 233 827 3093, Кіру коды: z8Rh71.

Әсер ету аумағы: 42°25'13.80"С, 69°66'68.84"В

Жоба бойынша құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқар-

масы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Жұртшылық ұсыныстар мен ескертпелерді электронды түрде мына мекенжайға жіберуіне болады: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, қағаз түрінде: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, телефоны: +7 (7252) 53-02-75. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Shymkent Dehul Gelatin Co., Ltd» ЖШС, заңды мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, «Жұлдыз» тұрғын алабы, 336 ғимарат, БСН 231240012515. Жетекшісі: Әбула Тудыр. Құжаттамамы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, телефоны: 8(775)3245005. Шымкент қаласы, Байтұрсын көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына телефоннан алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

Объявление

ООО «Shymkent Dehul Gelatin Co., Ltd» проводит общественные слушания по отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «Строительство производственных цехов с офисами, складом готовой продукции по адресу: г.Шымкент, р-н Енбекшинский, ж.м. «Жұлдыз», уч. 336/13». Слушания состоятся **6 февраля 2026 г. в 15:00** по адресу г.Шымкент, Енбекшинский район, ж.м. «Жұлдыз», уч. №336/13.ссылка Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XlJfS9Sgc0kmSFTiZpYrhPN2J4qNS.1&omn=87923148790

Идентификатор конференции: 233 827 3093, Код доступа: z8Rh71.

Территория воздействия: 42°25'13.80"С, 69°66'68.84"В

Документация по проекту размещена на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» в

разделе «Общественные слушания». <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=ru>. Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, в бумажной форме: г. Шымкент, проспект Тәуке хана, 6, телефон: +7 (7252) 53-02-75. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ООО «Shymkent Dehul Gelatin Co., Ltd», Юридический адрес: г. Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив «Жұлдыз», здание 336, БИН 231240012515. Руководитель: Абула Тудыр. Наименование и контактные данные разработчика документации: ООО «Каз Гранд Эко Проект», телефон: 8(775)3245005, город Шымкент, ул.Байтұрсынова, 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru

» Іс-шара

Экологиялық-танымдық экскурсия өтті

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің ұйымдастыруымен Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ экологиялық-танымдық экскурсия өткізді.

Экскурсия барысында оқушылар кәсіпорынның сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін басқару, инфрақұрылымды күтіп ұстау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бағытындағы жұмыстары туралы жан-жақты мәлімет алды. Мамандар балаларға су тазарту процесі, инженерлік желілердің жағдайы және экологиялық қауіпсіздік талаптары жөнінде түсіндірді.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, қоршаған ортаға деген жанашырлығын қалыптастыру және



болашақ мамандық таңдауға кәсіби бағдар беру.

Экскурсия барысында оқушылар табиғатты қорғау шараларының қалай жүзеге асатынын өз көздерімен көріп, экология саласының маңызын терең түсінді. Балалар алған әсерлерімен бөлісіп, су ресурстарын ұқыпты пайдалану қажеттігіне көздері жетті.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС мен «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ бірлесіп ұйымдастырған бұл іс-шара жасөспірімдер үшін құнды тәжірибе мен үлкен мотивация болғаны анық.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің қоғаммен байланыс бөлімі.